

Түпқараған аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 27/189 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Түпқараған аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 29/199 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 сәуірде № 2677 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және «2015–2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 21/304 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 17 наурыздағы № 23/374 Маңғыстау облыстық мәслихатының шешіміне сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2649 болып тіркелген), Түпқараған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Түпқараған аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 27/189 «2015–2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2573 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 қаңтарда «Әділет» ақпараттық–құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2015–2017 жылға арналған аудандық бюджет қосымшаға сәйкес, соның ішінде 2015 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 5 973 362 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 4 450 326 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 8 583 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 93 090 мың теңге;
трансферттердің түсімдері – 1 421 363 мың теңге;

2) шығындар – 6 212 558 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 25 740 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 29 730 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 3 990 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) –264 936 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 264 936 мың теңге ,

оның ішінде :
қарыздар түсімі – 29 730 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 3 990 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары – 239 196 мың теңге.»;

2 тармақта :

1) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

«1) төлем көзінен ұсталатын кірістен алынатын жеке табыс салығы – 100 пайыз;»;

2) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

«2) төлем көзінен ұсталмайтын кірістен алынатын жеке табыс салығы – 15,4 пайыз;

» ;

5) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

«5) әлеуметтік салық – 100 пайыз.»;

4 тармақта :

4 абзац алынып тасталсын ;

5 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«5. 2015 жылға арналған аудандық бюджетте бөлу және (немесе) пайдалану тәртібі аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалатын нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін :

елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға.»;

7 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмектерді төмендегідей мөлшерде белгілеуге құқық берілсін:

21–23 наурыз – Наурыз мейрамы:

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналар немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежедегі «Ана даңқы» орденімен марапатталғандарға – 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш;

барлық топтың мүгедектеріне, 16 жастан 18 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апат күні:

Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жою салдарынан мүгедек болған адамдарға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

1986–1987 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушыларға – 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

1988–1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушыларға – 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш;

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі:

барлық топтың мүгедектеріне, 16 жастан 18 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;
9 мамыр – Жеңіс күні:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға (Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жою салдарынан мүгедек болған адамдардан басқа) – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға (1986–1987 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушылардан басқа) – 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар–ошарсыз кеткен) жауынгерлердің ата–аналары және екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар–ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

бейбіт уақытта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасыларына – 40 (қырық)

а й л ы қ е с е п т і к к ө р с е т к і ш ;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарға – 20 000 (жиырма мың) теңге;
1 маусым – Балаларды қорғау күні:
мүгедек балаларға және 18 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге – 5 (бес) айлық е с е п т і к к ө р с е т к і ш ;

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні:
асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға (балаларға) – 8 (сегіз) айлық есептік көрсеткіш;

Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

1991 жылға дейін Маңғыстау облысы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес зейнетақы тағайындалған тұлғаларға – 36 (отыз алты) айлық есептік көрсеткіш;
1 қазан – Халықаралық қарттар күні:

жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар мен 70 жастан асқан зейнеткерлерге – 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш;

6 қазан – Қазақстан Республикасының мүгедектер күні:
барлық топтың мүгедектеріне, 16 жастан 18 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні:
барлық топтың мүгедектеріне, 16 жастан 18 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

Өмірлік қиын жағдайда деп танылған азаматтарға табысы есептелмей көрсетілетін ә л е у м е т т і к к ө м е к :

мемлекеттік зейнетақы, жәрдемақы берілмеген кезде, онкологиялық ауруларға, мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шыққан ауруларға, иммун тапшылығы вирусын жұқтырған тұлғаларға жылына бір рет – 25 (жиырма бес) айлық е с е п т і к к ө р с е т к і ш ;

18 жасқа дейінгі үйден оқитын мүгедек балаларға ай сайын – 5 (бес) айлық есептік к ө р с е т к і ш ;

табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зиян шеккен адамдарға (отбасыларға)

өмірлік қиын жағдай туындаған кезден бастап алты айдан кешіктірмей, жылына бір рет – 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш.

Өмірлік қиын жағдайда деп танылған адамдарға табысы есептеліп көрсетілетін әлеуметтік көмек:

өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға жан басына шаққандағы орташа табысы Маңғыстау облысы бойынша белгіленген 1,5 еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың тұлғаларына тұрмыстық қажеттіліктерге, емделуге, дәрі–дәрмек алуға, мектепке керек–жарақтарын алуға немесе отбасының бір мүшесі қайтыс болуына байланысты жылына бір рет 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде.

Табысын есепке алмай және мамандық таңдауға шектеу қоймай Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында оқитын мүгедек студенттерге және өтініш жасаған айдың алдындағы он екі айда жан басына шаққандағы орташа табысы, Маңғыстау облысы бойынша белгіленген 1,5 еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар келесі санаттағы адамдарға көрсетілетін әлеуметтік көмек ағымдағы қаржы жылына арналған бюджет қаражаты шегінде жылына бір рет білім беру ұйымдарына оқуды төлеуге арналған нақты шығындар бойынша және ай сайын тамақтану мен жатақ шығындарын ішінара жабуға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш:

Қазақстан Республикасының оқу орындарында бакалаврдың академиялық деңгейін алу үшін күндізгі бөлімде оқитын студенттерге; тұл жетімдерге немесе балалар үйінде және балалар ауылында тәрбиеленуші студенттерге;

ата–анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек немесе екеуі де зейнеткер студенттерге;

ата–анасының біреуі қайтыс болған студенттерге;

бірге тұратын кәмелеттік жасқа толмаған кемінде төрт және одан да көп баласы бар отбасының орташа, техникалық және кәсіби, орташадан кейінгі білім беру мекемелерінде, жоғарғы оқу орнында күндізгі бөлімде оқитын 23 жастан аспаған балаларына көрсетіледі.

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек, жылына бір рет – 12100 (он екі мың бір жүз) теңге.»;

8 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«8. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықтарымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған

лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.».

2. Осы шешім 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А.Қосуақов

Аудандық мәслихат

хатшысы

А.Досанова

« К Е Л І С І Л Д І »

«Түпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
б а с ш ы с ы :
Ж . Т ө л е г е н

30 наурыз 2015 жыл

Түпқараған

аудандық

мәслихатының

2015

жылғы

30

наурыздағы

№ 29/199 шешіміне 1-ҚОСЫМША

2015 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыны-бы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1. КІРІСТЕР	5 973 362
1			Салықтық түсімдер	4 450 326
	1		Табыс салығы	392 439
		2	Жеке табыс салығы	392 439
	3		Әлеуметтік салық	377 624
		1	Әлеуметтік салық	377 624
	4		Меншікке салынатын салықтар	3 548 917
		1	Мүлікке салынатын салықтар	3 456 644
		3	Жер салығы	54 181
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	37 771
		5	Бірыңғай жер салығы	321
	5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	124 684
		2	Акциздер	6 068
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	103 274

		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	15 342
	7		Басқа да салықтар	241
		1	Басқа да салықтар	241
	8		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	6 421
		1	Мемлекеттік баж	6 421
2			Салықтық емес түсімдер	8 583
	1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	8 478
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	370
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	8 099
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	9
	4		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	40
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар	40
	6		Басқа да салықтық емес түсімдер	65
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	65
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	93 090
	3		Жерді және материалдық емес активтерді сату	93 090
		1	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	93 090
4			Трансферттердің түсімдері	1 421 363
	2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 421 363
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1 421 363
Функц. топ	Бюджет-тік бағдар-ламалар әкімшісі	Бағдар-лама		Сомасы, мың теңге

			Атауы	
			2. ШЫҒЫҢДАР	6 212 558
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	295 206
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15 889
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 889
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	103 909
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	72 159
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	31 750
	123		Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты	19 033
		001	Форт-Шевченко қаласы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 033
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	20 675
		001	Ақшұқыр ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 675
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 000
	123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	21 248
		001	Баутин ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21 248
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	15 505
		001	Қызылөзен ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 505
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 000
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	14 608
		001	Таушық ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13 608
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 000
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	14 762
		001	Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 762
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5 351

		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	351
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	5 000
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	40 775
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	34 385
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 390
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	23 451
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23 451
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0
2			Қорғаныс	7 419
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	7 419
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	7 419
4			Білім беру	2 330 304
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	50 215
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	50 215
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	118 234
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	43 237
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	74 997
	123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	95 947
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	44 617
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	51 330

123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	40 447
	004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	40 447
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	145 439
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	87 524
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	57 915
123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	33 539
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	33 539
123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	27 895
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	27 895
123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	37 134
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	37 134
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 406 301
	003	Жалпы білім беру	1 298 030
	006	Балаларға қосымша білім беру	108 271
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	42 076
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	42 076
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	105 317
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 495
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	34 797
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	4 096
	012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	41 652
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға	4 347

			камқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	2 230
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3 700
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	227 760
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	227 760
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	182 866
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3 686
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	3 686
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	2 536
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	2 536
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	1 095
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	1 095
	123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	4 728
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	4 728
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	837
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	837
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	833
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	833
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	169 035
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	16 677
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	7 897
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	3 343

		006	Тұрғын үй көмегін көрсету	400
		007	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	108 349
		010	Үйде тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	951
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	3 026
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	3 040
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	3 775
		052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	3 235
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды және жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 918
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 287
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	360
		025	"Өрлеу" жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	777
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	116
		050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	116
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	2 130 066
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	724
		027	"Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" Бағдарламасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	724
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	0
		027	"Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" Бағдарламасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	0
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	401

		027	"Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" Бағдарламасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	401
123			Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	1 449
		027	"Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" Бағдарламасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	1 449
466			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1 774 578
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, және (немесе) салу, реконструкциялау	21 252
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, және (немесе) жайластыру	765 650
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	1 000
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	986 676
123			Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты	48 000
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	30 000
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	18 000
123			Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	82 284
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	38 596
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	25 000
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	18 688
123			Баутин ауылы әкімінің аппараты	10 032
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4 560
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5 472
123			Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	6 027
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4 100
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 927
123			Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	65 861
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	40 173

		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	22 000
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3 688
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	26 100
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	10 000
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	16 100
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	114 610
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	100 710
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	13 900
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	161 824
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	15 534
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	15 534
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	11 608
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	11 608
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	13 052
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	13 052
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1 912
		011	Мәдениет объектілерін дамыту	1 912
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	38 513
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	38 513
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	12 078
		005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	4 000
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	4 175
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	3 903

	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	25 312
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	3 400
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	21 912
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	11 852
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 852
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	31 963
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 296
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	13 667
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	71 197
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7 706
		099	Мамандарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	7 706
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	50 490
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	50 490
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	0
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	0
		012	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	13 001
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу	12 501

			саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	500
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	0
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	12 607
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	12 607
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайлы және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12 607
12			Көлік және коммуникация	643 248
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	643 248
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	560 333
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	82 915
13			Басқалар	67 163
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	9 530
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 530
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	6 631
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	6 631
	123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	23 740
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	23 740
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	8 798
			«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық	

		040	дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	8 798
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	4 321
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	4 321
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5 000
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	5 000
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	9 143
		041	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	9 143
14			Борышқа қызмет көрсету	9
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	9
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	9
15			Трансферттер	310 649
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	310 649
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	528
		007	Бюджеттік алып қоюлар	310 121
			3. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ	25 740
			Бюджеттік кредиттер	29 730
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	29 730
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	29 730
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	29 730
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	3 990
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	3 990
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	3 990

		4. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	0	
		Қаржы активтерін сатып алу	0	
		Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0	
		5. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТ)	-264 936	
		6. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН (ПРОФИЦИТІН ҚОЛДАНУ) ҚАРЖЫЛАНДЫРУ	264 936	
7		Қарыздар түсімі	29 730	
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	29 730	
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	29 730
16		Қарыздарды өтеу	3 990	
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 990	
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	3 990
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	239 196	
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	239 196	
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	239 196

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК